

А. Кәрім, 3-курс

*Ғылыми жетекші — Д. С. Кемпиров, қылмыстық процесс кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция аға лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ КУЭНІҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қылмыстық процеске қатысушы өзге де адамдардың бірі — куә. Куә — іс үшін маңызы бар мәліметке ие адам. Куәнің өзі хабардар болған фактілерді тікелей өзі қабылдап, көруі ғана емес, сол фактілер туралы мәліметке ие тұлғалардың сөзінен білгілі болған хабарламаларды жатқызуға болады. Демек, іс үшін маңызды мәліметке ие кез келген адам жауап алынуы мүмкін. Егер, куә айғақ беруден бас тартса не жалған айғақ берсе, қылмыстық жауаптылығы ескертілетіні сөзсіз. Осыған сәйкес, куә иммунитеті принципіннің орнын ескеруге болады, себебі заң талабымен қатар моральдық талаптың да орны ерекше екенін көреміз. Елімізде 2014 жылғы 4 шілдеде жаңа қылмыстық іс жүргізу заңы қабылданып, онда тағы бір куә, атап айтсақ қорғалуға құқығы бар куә субъектісі пайда болды. ҚПК-нің 78-бабы 5-бөліміне сай егер адам қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызда немесе хабарда қылмыс жасаған адам ретінде көрсетілсе немесе қылмыстық процеске қатысушы куә оған қарсы айғақ берсе, бірақ та ол адамға қарсы процестік ұстап алу қолданылмаса немесе күдікті деп тану туралы қаулы шығарылмаса, онда ол қорғалуға құқығы бар куә мәртебесіне иеленеді¹.

Қорғалуға құқығы бар куә жай куәдан өзіндік құқықтарымен ерекшеленеді. Нақтылай түсетін болсақ, қорғалуға құқығы бар куәнің:

- өз бетінше немесе үшінші тұлғалар арқылы адвокат шақыртуға;
- жауап алу басталғанға дейін өзі таңдаған, қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың қатысуымен айғақтар беруге;
- өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертулер беруге, дәлелдемелерді ұсынуға;
- өзіне қарсы куә болғандармен беттесу сияқты құқықтары бар.

Онда қорғалуға құқығы бар куәнің де куә иммунитетіне ие екенін көруге болады, бірақ куәнің айғақ беруден бас тарту құқығы заңмен нақтыланбай отыр. Егер, қорғалуға құқығы бар куә өзінің куә иммунитетін пайдалана отырып, айғақ беруден бас тартса, ол үшін қылмыстық жауапкершілігі ескертіледі ме? Себебі Қазақстан Республикасы ҚПК 78-бабының 8-бөлігіне сәйкес, куә жалған айғақтар бергені, айғақтар беруден бас тартқаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген қылмыстық жауаптылықта болады. Ал, айғақ беруден жалтарғаны немесе қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша дәлелді себептерсіз келмегені үшін, куәға, оның ішінде қорғалуға құқығы бар куәға Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 160-бабында белгіленген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін. ҚПК-тің 111-бабы 2-бөліміне, сай дәлелдемелердің қайнар көзі ретінде қорғалуға құқығы бар куәнің айғақтары берілген. Ал 115-бабында қорғалуға құқығы бар куәнің айғақтарын ескермей кеткен.

Осыған орай, біздің көзқарасымыз бойынша қорғалуға құқығы бар куәдан жауап алу ерекшелігін реттейтін арнайы норманы ҚПК-тің 214-бабының 4-бөлігі ретінде енгізу орынды деген пікірдеміз. Ол Конституцияда бекітілген әрбір азаматтың қымбат қазынасы, құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың қосымша кепілі болар еді деген сенімдемізⁱⁱ. Ешкім де өзіне өзі, жұбайына (зайыбына) және өзінің ауқымы заңмен айқындалған туыстарына қарсы айғақтар беруге міндетті емес. Діни қызметшілер тәубаға келу үстінде өздеріне ішкі сырын ашқан адамдарға қарсы куәлік беруге міндетті емес. Осы көрсетілген тұлғалар айғақ беруден бас тартуға құқылы және бұл үшін оларды қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды. Бірақ та бұл жөнінде тергеуші, анықтаушы, прокурор немесе судья жауап алудың басында куәні міндетті түрде ескертуі тиіс. Егер де куә өзінің иммунитетін біле тұра, өзінің ерікті келісімімен жауап беретін болса, оның жауабы дәлелдемелердің түрі ретінде қолданылуы мүмкін. Куәнің бірегейлігі қылмыстық іс жүргізуде маңызы бар мынадай белгілерден көрінеді: куәнің ауыстырылмайтындығы; өзінің ауыстырылмайтындығына байланысты, оған істің нәтижесіне мүдделі деп қарсылық білдіре алмайды. Куәлік иммунитет, бұл, тұлғаның айғақтарды беру-бермеу қалауымен немесе айғақтар беруден босатылу құқығымен көрініс табады.

Куәлік иммунитетке ие адамдардың шеңберін кеңейту туралы сұрақ әлі де даулы болып тұр. Кейбір ғалымдардың сөздеріне көз жүгіртетін болсақ, субъектілердің шеңберін, өзінің кәсіби міндеттілігін орындауымен байланысты, оларға сеніп тапсырылған жеке құпияларды сақтаушы тұлғаларды қосуды ұсынып отыр. Айтылғанды басшылыққа ала отырып, мұндай хабарламаларды куәлік айғақтар түрінде сол адаммен жариялануы, өзіне қарсы айғақ берумен теңдей болып келеді. Сондықтан да куәлік иммунитет көлемі туралы сұрақ әлі де ашық болып тұр.

ⁱ Ахпанов А. Н., Хан А. Л. Преобразование первоначальной стадии уголовного процесса // Современные проблемы криминалистики: Сб. мат-лов междунаро. круглого стола, посвященного 60-летию канд. юрид. наук, профессора Ким К. В. — Астана, 2015.

ⁱⁱ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылы 4 шілдедегі № 231-VҚРЗ // www.onli-ne.zakon.kz